

үлгі, ертеңгі күнге аманат. Олардың қайсарлығы мен рухы адам жанының қандай биіктікке көтеріле алатынын айғақтайды.

Батыр арулар - Әлия, Мәншүк, Хиуаз, Баян, Гүлімжан, Балшекер және басқа да жүздеген есімі ұмытылуға тиіс емес қыздарымыз - соғыс жылдарында ажал мен өмірдің арасындағы арпалыста адамгершіліктің, парыздың, адалдықтың шоқтығын биік ұстай білді. Олар елдің амандығы үшін, болашақ ұрпақтың тыныштығы үшін қайсарлық танытып, жауға төтеп берді. Әр оқиғасы - жеке бір тағдыр, жеке бір ерлік, жеке бір дастан.

Біздің міндетіміз - сол ерлікті тек құрғақ мәлімет күйінде емес, жүрекпен сезініп, оны келер ұрпақтың санасына сіңіру. Өйткені батырлардың даңқты жолы - ұлттық намыстың тұтқасы, елдіктің негізі. Ерлік ұмытылған жерде ұлт рухы әлсізденеді, тарихтың мәні жоғалады. Сондықтан батыр қазақ қыздарының ерлігін дәріптеу - бүгінгі ұрпақтың ең қасиетті парызы. Осы зерттеу жұмысы қазақ қыздарының Екінші дүниежүзілік соғыстағы рөлі мен ерлігін тереңірек ашып көрсетуді мақсат етеді. Бұл - бір кезеңнің немесе бір оқиғаның ғана тарихы емес, бүкіл ұлттың рухани қазынасы, тәуелсіздікке жетелеген биік мұраттардың бастауы. Батырларымыздың өнегелі өмірі мен ерлік жолы бізге не үшін күресу керекін, елдік деген ұғымның шынайы мәнін, туған жерге деген адалдықтың биіктігін ұқтырады. Батыр қыздардың өнегелі өмірі мен ерлік жолы бізге терең сабақ береді: не үшін күресу керек, елдік пен патриоттықтың шынайы мәні қандай, туған жерге деген адалдық пен махаббат қалай болуға тиіс. Бұл ерлік тек өткенге ғана арналған даңқ емес, бүгінгі және болашақ ұрпаққа рух беретін күш, қиындыққа мойымай, биік мақсаттарға жетуге шабыттандыратын үлгі. Әр қазақ қызының майдандағы ерлігі - тек жеке қаһармандық емес, бүкіл ұлтқа деген аманат. Оны дәріптеу, насихаттау, жас ұрпаққа жеткізу - ұрпаққа батылдық пен намыс, тарихқа құрмет пен патриоттық сезім сыйлайтын маңызды міндет. Сол арқылы ғана ұлт рухы биік болып, ерлік пен азаматтық қасиеттер жаңа буынға үлгі болып қалмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Женщины Казахстана и Великая Отечественная война: 1941-1945: Сборник документов и материалов. / Отв. ред. З.Г. Сактаганова. - Караганда, 2020. - 410 с.
2. Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: воспоминания и интервью. Сборник материалов. / Отв. ред. З.Г. Сактаганова. - Караганда, 2020. - 400 с.
3. Ардақ Құлтай. Әлия Молдағұлова: өмірбаяны, соғыстағы ерлігі мен естеліктері. <https://kaz.nur.kz/family/school/2059591-aliya-moldagulova-omirbayany-sogystagy-erligi-men-estelikteri/>
4. Б.Т.Тулеуова, Л.К.Шотбакова, Г.М.Смагулова. Вклад женщин Центрального Казахстана в развитие региона (30-90-е годы XX века). - Караганда: Изд-во: ТОО «Tengri Ltd», 2016.- 313 с.
5. Бекен Қайратұлы. Қазақтың танкіші қыздары. <https://e-history.kz/kz/news/show/50000118>
6. Дина Игсатова. Поражающие с первого выстрела. <https://e-history.kz/ru/news/show/4455>

#### **АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ КӘРІМ ТОҚТАБАЙ: ТАРИХИ ТҮЛГАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ**

**Садылла Н.Д.**

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Нурпеисова Э.Т.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Электрондық адресі: [nursadylla@gmail.com](mailto:nursadylla@gmail.com)

Қостанай қ.

XX ғасыр басында қазақ халқының көрген қасіреті мен азабы, тартқан зардабы аз емес-ті. Зұлматты заманда өмірге келген зиялыларды халықтың зарлы да шерлі, запыран үні жайбарақат қалдырмады. Аласапыран заманның кесапаты өз заманынан асып туған асыл ерлердің асқақ арманың аяқ асты етті. Азаттықты аңсаған Алаш азаматтары заманының аждаһасымен ғұмырының ақырғы сәулесі сөнгенше арпалысып өтті. Сол қасіреттің ең ауыры - есіл ерлердің жазықсыз жапа шегуі еді. Сондай алыптардың бірі де, бірегейі Кәрім Тоқтабай болатын. К.Тоқтабай Алаш идеясын қолдаған және жүрегі Алаш деп соққан азаматтардың бірі болды. Есімі ескерусіз қалған Алаш арыстарының атын ардақтап, қолға шам алып, шаң басқан архивтерді ақтару - біздің парыз. Сонымен, көп жылдар бойы халқына беймәлім болып келген Кәрім Тоқтабай кім?

Кәрім Досжанұлы 1892 жылы бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезінің Шұбалаң болысындақазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Қаламқарасу ауылында дүниеге

келген. Ол, Орта жүз Арғын тайпасының Әйдерке руынан. Арғын Әйдеркеден Кәдірімбет, одан Өмірзақ руы тарайды. Осылай Кәрімнің атасы Тоқтабайға келеді. Кәрімнің атасы Тоқтабай - Дәуітбай Қорғанбекпен баталас, Ыбырай Алтынсаринмен дос-жар болған кісі. Тоқтабайдан алты бала тарап, олардың арасында ел есінде Досжан, Есжан, Досмағұл, Мұқан қалса, Есжаннан Батырхайыр, Досжаннан Ғабділкәрім тарайды. Бұл жерде Ғабділкәрім дегеніміз біз қарастыратын Кәрім Досжанұлы Тоқтабай.

Мұқан Тоқтабаев - Қазақ Автономиялы Республикасының алғашқы халық комиссарларының бірі Тоқтабаев Кәрім Досжанұлының туған ағасы. Әкесі Досжан да, ағасы Мұқан да Торғайдағы Ы.Алтынсарин ашқан орыс-қазақ мектебінің түлектері, кейін екеуі де ұстаздық жолда болған. Елге танымал, қадірменді тұлғалар [1, 314 б].

«Торғай және Ырғыз уездерінен есеп алуға өзіміздің оқыған қазақ жігіттерінен лайық көрдік», - деп басталады хаттың қосымша бөлігі. Әрмен қарай «біз лайықтағандар» деп 40 жастың атын атайды. Сол сенім артқан шәкірттер қатарында Мырзағазы Есбол, Біләл Сүлей, Кәрім Тоқтабай, Ахметсапа Юсуп, Ілияс Беймен, Сейіл Жиенбай қатарлы Алаштың аймаңдай ұлдарымен қатар сенімге ие болған Асқарбек Құлмағамбетұлы жарық үміттің бірі еді. Әттең, заман ұлт үшін құлашын кеңге жаюға тарлық етті [1, 361 б].

Алғаш Ы.Алтынсарин Торғай өңірінде мектеп ашқанда сол мектепке баратын оқушылардың саны жеткіліксіз болған еді. Ы.Алтынсарин Торғайдың маңайындағы Бесқопа деген жерден Тоқтабай деген азаматқа: «Басқа бермесе де, Тоқтабайдың алты баласы бар, соның бірін берсін», - деп сәлемдеме жолдайды. Кәрімнің атасы Тоқтабай Ыбырай атамиздың ұсынысымен өзінің ауылында «Қосағал» ауылдық мектебін ашып, оның барлық шығынын өзі төлеген. Тоқтабай Досжан, Досмағұл, Мұқан атты балаларын Торғайдағы Ыбырай мектебінде оқытқан. Кәрімнің әкесі Досжан 1871 жылдың 30 қыркүйегінен бастап Ы.Алтынсарин мектебінде оқып, білім алған. Өз заманының сауатты, көзі ашық адамы болған. Ыбырай мектебін бітіргеннен кейін де ағартушыға көмекшілік қызмет атқарады. Алтынсарин мектебі үшін ауыл-ауылды аралап жүріп, дәріс алуға шәкірттерді жинайды. Осындай игілікті іске қатысты Досжанның немересі, Кәрімнің үлкен ұлы Рәшит былай дейді: «Бір жолы мектепке бала тарту мақсатымен Ыбырай Алтынсарин мен Досжан атам бір ауылға келеді. Алғаш меймандостықпен қарсы алып, мектепке балалар жіберуге ықылас білдірген ауыл ақсақалдары кейіннен айнып қалады. Оған себепші - орыстың қанжығаға байлаған санитарлық қапшығы. Ал оның сыртында крест таңбасы бар еді. Мұны көрген ақсақалдар бұлар кәпірлік жолды үлгі тұтып жүр, балаларды да орысша оқытып шоқындырмақ деп қауіптенеді. Ауыл адамдары мектепке бала беруден бас тартады. Мұны Ыбырай мен Досжан кейінірек біледі» [2, 6-11 б].

Халықтың осы ісі Ыбырай мен Досжанды қамықтырғаны анық. Білімді ұрпақтың езгіге төзбейтін, елі үшін күресе алатынын білгенде, сол ауылдың адамдары балаларын мектепке беруден бас тартпаған болар ма еді, кім білсін? Бір білеріміз, жасынан білімге зерек болған Тоқтабай ұрпақтары ел үшін болған егістерден кері шегінбейтін ұрпақ болғаны. Тоқтабай әулеті бала оқыту ісіне жан-тәнімен араласып, белсенді жұмыс атқарған. Тоқтабай ұлдарының барлығы мұғалім атанып, оқушылардың дұрыс қалыптасуына, қазақтың ұлттық танымы мен ұлттық идеясын сіңіруге аянбай еңбек еткен. Тоқтабай ұлдарынан болашақ Алаш қайраткерлері білім алған. «Қосағал» ауылдық мектебінде Досжан Тоқтабайұлынан білім алған Нұрғали Құлжанов кейін белгілі қоғам қайраткері болды. Досжанның інісі Досмағұл да Ыбырай мектебінде білім алып, кейін Қазанның мұғалімдер семинариясын бітіріп, Қостанай облысының Меңдіқара ауданына қарасты Боровой, Ақсуат мектептерінде орыс тілінің мұғалімі болып ұзақ жылдар қызмет етті. Досмағұлдан білім алған жазушы, атақты ұстаз Спандияр Көбеев «Орындалған арман» атты романында өзінің осы кісіден дәріс алғанын айтып, ол кісі туралы жылы лебіздер жазған [2, 17-21 б].

Жоғарыда айтқандай атасы, әкесі көзі ашық өз заманының білімді адамдары болған. Міне осындай ортадан шыққан жастайынан алғыр Кәрімді әкесі Досжан кезінде өзі оқып білім алған Орынбордағы мұғалімдер мектебіне беріп оқытқан. Кәрім Досжанұлы 1909 жылы Орынбордағы Қазақ мұғалімдер мектебін бітіреді.

Математиканы жетік меңгерген ол 1909 жылдан бастап 1912 жылға дейін қазіргі таңда Қостанай облысы, Жангелді ауданында орналасқан Тосын болыстық мектебінде мұғалім болып жұмыс жасайды. Өзін жұмыста жақсы танытқан ол 1912-1919 жылдары Торғай қаласындағы медресе жанынан ашылған орыс сыныптарының меңгерушісі болып тағайындалады. Сонымен бірге Торғайдың жоғары бастауыш мектебінің математика және физика пәндерінің оқытушысы қызметін атқарады. Мұғалімдік қызметті ол жаны сүйіп, бар ынтасымен істейді. К.Тоқтабай үшін мектеп өзінің алған білімін жастарға беріп, ұрпақ тәрбиелейтін орын ғана емес, халықты ояту идеясын жастарға сіңіретін, Алаш жұртының мүддесі үшін күресетін саяси мінбе болды [3, 341 б].

Осы январьдың 1-інде Торғайда қазақша әдбиет кеші жасалды. Басқарушы учитель Өмір Алмасов болды. Кештегі жиналған ақшаның 20%-ы соғыстан жараланған солдаттар пайдасына, қалғаны мұқтаж оқушыларға берілмек еді. Ойын болған үй тарлық қылып, келген жұрттың көбі билет ала алмай қайтып кетті

Ойынға жиылғандар асығыстық пен күтіп отырғанда, перде көтерілді.

Кештің тәртібі былай еді:

#### I БӨЛІМ

Әдебиет кеші туралы Қосмұхамед отағасы Жабағиннің баяндама сөзі. Қазақ тұрмысынан Торғайдың оқыған жастарының бірі жазған бір перделік пьеса.

Ойнаушылар:

- 1) Үй қожасы Тайшыбек - Өмір Алмасов.
- 2) Қонақ Ескұлы - Уәлихан Қаратаев.
- 3) Учитель - Кәрім Тоқтабаев.
- 4) Қарақожа - Юсүп Темірбеков.

#### III БӨЛІМ

- 1) Жанақ пен баланың айтысқаны: Қаратаев пен Ғалым Тоқтабаев.
- 2) Мұжық пен түлкі үлгі сөз Ө. Алмасов.
- 3) Ақын домбырамен ән салды М. Айнабеков.
- 4) Қосылып айту әйел хәм еркектер

Мұғалім Юсүп Темірбеков

Қазақ, 1916 жыл, 24 қаңтар, № 166

[4, 164-165 б].

1917-1918 жылдар аралығында қазақ зиялыларымен бірге Кәрім Досжанұлы облыстық, жалпы қазақ съездеріне қатысты. Елінің болашағын ойлаған Кәрім Досжанұлы өзінің саяси позициясын ұстанып, Алаш қозғалысына араласуға бел буады. Партияның Торғай кеңесіне мүшелікке алынады. Қазақ газетінде аз уақыт жұмыс жасап, алашордалықтармен тығыз араласып халықтың жай-күйіне көңіл бөле бастайды. Бұл жайлы Алтын Айманованың естелігінде: «1918 жылдың қарашасында біздің үйге он екі кісі келіп түсті: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Кәрім Тоқтабай, Қырымгерей Сейдалин, Ғазымбек Бірімжанов және т.б жолдан шалдығып, аттары болдырып, қатты шаршап келген қымбатты қонақтарды құрметпен қарсы алып жайғастырдық. Келушілерге ауыл-аймақтың адамдары сәлем бере, барлығы жиылып әңгіме-дүкен құрып отырды. Жолаушылар үй иесінен кешірім сұрап, жастықтарына жантайып, аяқтарын көсіліп демалды»-делінген [6, 181 б].

Жоғарыда айтқан 1917 жылғы Съезд негізінен патшалық тәртіп құлатылғаннан кейінгі жергілікті өкімет және басқару органдарын құру, жалпы қазақ және жалпы мұсылмандық съездер шақыру, мәдени, шаруашылық, дін ісі, Уақытша үкімет пен ол жалғастырып отырған соғысқа көзқарас, жаңа сот, байланыс жүйелерін қалыптастыру секілді манызды мәселелерді өз жұмысының күн тәртібіне енгізді. Атап айтқанда, съездің күн тәртібі 14 мәселеден тұрды:

- 1) Жер-жердегі азаматтық комитеттер;
- 2) Жалпы қазақтық және жалпы мұсылмандық съездер;
- 3) Мемлекеттік басқару түрлері және Құрылтай жиналысы;
- 4) Халыққа білім беру;
- 5) Діни басқарма;
- 6) Аграрлық мәселе;
- 7) Сот;
- 8) Земство;
- 9) Баспасөз;
- 10) Почта;
- 11) Қоғамдық қаражат;
- 12) Уездік бастықтар мен зиянды чиновниктер;
- 13) Соғысқа көзқарас;
- 14) Қазақтарды тыл жұмысына шақыруға байланысты Торғай облысында болған оқиғалар.

Міне осындағы 12-14 пункттегі мәселеге қысқаша тоқтала кетсек. Съезде Омар Алмасұлы, Кәрім Тоқтабай, Әлмұхамед Қасымұлы және Тоймұхамед Көгібарұлы сияқтылар өз баяндамаларында облыстың бірқатар отарлық шенеуніктерінің лауазымдық қызметтерін асыра пайдалану арқылы жасаған көптеген қылмыстарының бетін ашты [7, 14-15 б].

«Алаш» партиясының Орынборда Торғайский областной комитеті ашылды. Комитетке Орынборда тұратын 10 қазақ хәм төрт уезден 4 қазақ, барлығы 14 ағза сайланды.

Орынбордағы ағзалар:

1. Ахмет Бірімжанов
2. Ахмет Байтұрсынов
3. Әлихан Бөкейханов
4. Елдос Омаров
5. Ғұмар Жәнібеков
6. Міржақып Дулатұлы
7. Ғабдулхамит Жүндібаев
8. Сағындық Досжанов
9. Ғазымбек Бірімжанов
10. Камаледдин Арынғазиев (Торғай уезінен)
11. Ғәбдікәрім Досжанұлы (Ырғыз уезінен)
12. Телжан Шонанұлы (Ақтөбе уезінен)
13. Есенғали Нұрмұхамедұлы (Қостанай уезінен)
14. Мырзағазы Есполұлы

«Алаш» партиясының обласной комитет председателі Әлихан Бөкейханов, председател серігі Ахмет Байтұрсынов, секретарі Міржақып Дулатов, казначей Жанұзақ Жәнібекұлы.

«Алаш» партиясының ағзалық жарнасы 1 сом.

«Алаш» партиясының программасы жария болады

Қазақ, 1917 жыл, 14 қараша, № 250

[4, 175 б].

1918 жылы Орынборды большевиктер алғаннан кейін ақпан айында Торғайда да тұңғыш уездік Кеңестік құрылып, оған Кәрім Досжанұлы мүше болып сайланады. Күзде Торғай дуанын дутовшылар басып алады да уездік кеңес тарап кетеді. Көп ұзамай комиссар Әліби Жанкелдиннің жасағы қайтадан қалада Кеңес билігін қалпына келтіреді. Осы тұста Қостанай мен Орскіде (Жаманқалада) «Алаш» партиясы басшылығы мен әскери жасақтар құрыла бастайды. 1919 жылдың 3 қаңтарында қызыл комиссар Әліби Жанкелдин Кәрім Тоқтабаевты «Алаш» партиясы басшыларымен Кеңес жағына шығуға келісімге келуге Орскіге аттандырады. «Алаштың» әскери құрамында қазақ офицерлерінен тысқары, әскери кеңес төрағасы Мырзағазы Есполов басқаратын. Кеңес құрамында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және Сейдәзім Қадырбаев, тағы басқалар болады. Кәрім Досжанұлы араласқан ұзақ әңгіме, үлкен таластан кейін Алаш басшылары Ә.Жанкелдиннің ұсынысын қабылдап, атты қазақ бүлікшілерінен қол үзіп шығады... Осылайшы, «Алаштың әскери құрамасы, оның көсемдері Ахаң мен Жақаң бастаған топ Торғайға бағыт алады».

«Кіші Қазан» төңкерісі кезінде Алаш зиялыларының бірі ретінде қудаланып, қызметтен қуылған Кәрім Досжанұлы Алматы қаласының жанындағы Дегерес кеңшарының директоры болады. «Көп ұзамай «халық жауы» деген жаламен ұсталып, Ахмет Байтұрсынұлы, Сейдәзім Қадырбаев, Ғазымбек Бірімжанов, Елдос Омаров, Мырзағазы Есполовтармен бірге екі жылдай Алматы түрмесінде отырады. Кейін Кәрім Досжанұлы, Мұхтар Мурзин, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Сейдәзім Қадырбаев, Әбдірахман Мұңайтпасов, Қошке Кемеңгерұлы, Әбдіхамит Ақбаевтармен бірге Воронеж қаласына жер аударылады. [1, 317 б].

Кәрім Досжанұлының қызы Эста Кәрімқызы Тоқтабаеваның Торғай музейіндегі құжаттарынан алынған бұл деректерді академик Дихан Қамзабекұлының Қошке Кемеңгерұлының 3 томдық шығармалар жинағының бірінші томына жазған алғы сөзінде (Қошке Кемеңгерұлы 1896-1937) жазылған мына жолдар бекіте түседі: Сондай-ақ Валууйки, Воронеж бағытында Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Ж.Ақбайұлы, Е.Омарұлы, С.Қадырбайұлы, К.Тоқтабайұлы, М.Тынышбайұлы, Ж.Күдерұлы, М.Мырзаұлы сынды азаматтар жер аударылған болатын. Міне, осы кісілер амалын тауып, жүздесіп тұрды деуге негіз бар [1, 317 б].

Қазан төңкерісінен кейін орын алған Азамат соғысы жылдарында Кәрім Тоқтабай Алаштықтардың атынан Амангелді Имановтың көмекшісі болып сайланған. Бұл жайлы Мырзағалы Есполовтың тергеуінде: «Кажется, в апреле месяце мы поехали в Тургай. Организовали военком, военкомом был Амангельды Иманов, а его помощником избрали Карима Токтабаева»-делінген [8, 602 б]. Алайда бұл оқиғадан кейін Алашордалықтар мен Амангелдінің арасында келіспеушіліктер пайда болып, сәуірдің 20-сы күндері Амангелді Имановты тұтқындап, қалған өкілдерге Орынбор әкімшілігі халықты тонап, мал басын тартып алды деп айыптайды. Уақыт өте Қостанайда Колчак отряды Ахмет Байтұрсынұлы, Мырзағалы Есполов пен Кәрім Тоқтабайды тұтқындайды. Алайда бір күннен кейін, таң ата олар босатылып шығады. Солай, 15 қазанда Кәрім Тоқтабай мен Міржақып Дулатұлы бастаған Алашордашылар Торғайдан Орынборға бет алады. Партия құрамында жүріп, 1919 жылы Семей

губерниялық Халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, ол қызметте 1921 жылға дейін жұмыс жасайды. Семейде Кәрім Досжанұлы Әлихан Бөкейханмен танысады. Осы жерде Кәрімнің ұлт көсемімен жақын қарым-қатынаста болып, Ә.Бөкейханның жер мәселесі жайлы айтқан сөздерін өзі автономиялы республиканың тұңғыш жер шаруашылығының халық комиссары болған уақытында жүзеге асырғысы келгендігін аңғарамыз. Семейде Губерниялық халық ағарту бөлімінде жұмыс істеп жүрген К.Тоқтабайды Ә.Жангелдин Орынборға жұмысқа шақырады. Ақмолада уездік халық ағарту бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, 1921 жылдың 19 желтоқсанында партия мүшелігіне кандидаттыққа өтеді, 1922 жылдан мүше болады. Кәрім Досжанұлы 1922 жылы Әліби Жангелдин ұйымдастырған «Қызыл керуеннің» құрамында болып, Спасс, Қарағанды заводтары мен Қарқаралы уезін аралайды. Қызыл керуен күйзелген халыққа көмек көрсетумен айналысты. Керуеннің белсенді мүшелерінің бірі Кәрім кеңестендіру жұмыстарын насихаттауда ерекше көзге түседі [8, 502 б].

Атқарып жатқан еңбектері бағаланып, 1922-1924 жылдары Қазақ АКСР Халық ағарту комиссарының орынбасары, саяси ағарту жұмыстары бас басқармасының бастығы болып тағайындалады. 1924-1925 жылдары Қазақ Орталық атқару комитеті Егін шаруашылығы Халық комиссариаты жерге орналастыру бас басқармасының меңгерушілігіне көтеріледі. 1925 жылы Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Бұл уақытта елдің мазасын алған аштық уыты әлі тарқай қоймаған болатын. Торғай халқы 1921-1923 жылдар аралығында аштыққа ұшырады. Аштықтан қырылған халықтың саны есепсіз еді. Осы уақытта Тоқтабай әулеті аштықпен күресуге зор жәрдем жасады. Кәрімнің немере ағасы Батырхайыр Тоқтабай Есжанұлы Торғай үйезінің Аш-арық бөлімінің комиссия мүшесі болып сайланып, Алаш жұртына 1922 жылы «Ақ-жол» газеті арқылы «Торғай керуені», «Ашыққан ел», «Бұл не?», «Торғай халқының мұңы!» атты мақалаларын жолдайды. Бұл мақалаларда Торғай халқының жай-күйі, ашыққан елдің ащы запыран үні жазылады. Осы жылдары 1921-1922 жылдардың күзі мен қысында Ақмолада оқу бөлімін басқарып тұрған Кәрім Тоқтабай іскер, ұжымдастырушылық танытып, астығы мол шыққан Ақмола, Атбасардан астық жинап, Торғай халқына жөнелтіп жатты. 1921-1922 жылдары қазақ жерін қамтыған жұттан Торғай үшін Семейден де ірі қара мал жиналады. Міржакып Дулатұлы онда, Семейде губерниялық сотта қызмет атқаратын. М.Дулатұлы бас болып, Жүсіпбек Аймауытұлындай елге танымал қаламгер қостап, істің басы-қасында Кәрім Тоқтабай жүріп, Семей елінен Торғай жұртына деп жылу жинайды. Семейліктер 8575 ірі қара жинап береді. Сол малды Торғайға айдап әкеліп, үлестіріп берушілердің басы-қасында Жүсіпбек Аймауытұлының өзі болады. Республикалық «Еңбекшіл қазақтың» (бүгінгі «Егемен Қазақстан» газеті) 1922 жылғы 16 желтоқсандағы 76 санында Торғай облысы жұртшылығының аштан өлуге айналған бір қатар қазағын 8575 ірі қара мал жинап беріп ажалдан арашалап қалғаны үшін: - Семей еліне алғыс айтамыз! - деп шын жүректен тебірене жазады А. Юсупов, Ә. Қасымұлы, К. Бүркітов, І. Бәйменов, Н.Құлжанов сынды хабарға қол қойған торғайлық азаматтар. 1927 жылы Қазақ Орталық атқару комитеті Халық ағарту, Егін шаруашылығы комиссары қызметеріне тағайындалып, бұл міндетті 4 жыл атқарады [2, 286 б].

Студенттерге жәрдем керек - Ақ жол газетінің 1923 жылғы №314 нөмірінде жарияланған жазба. 4 автор қол қойған. Реті бойынша Байтасов екінші тұр. Асфендияров бастаған фамилиялардың кейінгі екеуін Жұмабаев пен Тоқтыбаев толықтырған. 1922 жылы Германияға оқуға жіберілген студенттердің жайы баяндалады. Осы студенттер оқуларын аяқтауы үшін қаржылай қол ұшын созуға жалпы халыққа үндеу тастайды.

Шақырулар - Ақ жол басылымының 1923 жылғы №365 нөмірінде жарияланған Абдолла Байтасұлының белгілі тұлғаларды газетке жазылуға шақырған жазбасы. Автор атын атай отырып, Төрбек Османов, Елдос Омаров, Мұхтар Саматов, Кәрім Тоқтыбай, Жанұзақ Жәнібеков, Мәннан Тұрғанбаев, Жәнәбіл Найманғожин, Арабаевтарды басылымға жазылуға үндейді. Шағын материал соңына есімін Ғабдолла Байтасов деп көрсеткен [5, 229 б].

Басқарма бастығы Кәрім Тоқтабай аштықтан жұтап, елден босып шыққан ағайындарына Қостанай губерниясы Әуликөлдін ең шұрайлы жерінен жер бөліп беріп, артель ұйымдастырады. Босып келген торғайлықтардың басын құрап ұйымдастырған артель атын «Қосағал» деп атайды. Қосағал Кәрім Досжанұлының арғы атасының аты. Торғайда осы аттас «Қосағал» зеңгірі бар. «Қосағал» артеліне Кәрім Досжанұлының немере ағасы Батырхайыр Есжанұлы жетекшілік етеді. Артелге Торғай жақтан босып келген 514 жанның басы осы жерде бірігеді. Торғай Уезінде «Қосағал» артелі ұйымдастырылып, онда 141 шаруашылық, 514 адам болды. Торғай еліне 1925 жылы Семейден 6 мыңға жуық ірі қара айдалып әкелінді де, шаруасы аса төмендеп кеткен адамдарға бөлініп берілді. Бұл шаруаға да ұйытқы болған Кәрім Тоқтабай еді. Осылайша, Кәрім Досжанұлы торғайлық ашыққан елге қамқор болған. Архив құжаттарында Торғай өлкесіндегі осы аштықтың алдын алуға еңбегі сіңген

азаматтардың ішінде Кәрім Тоқтабайдың да аты жиі кездеседі. Бірақ, бүгін есімі ескерусіз келе жатқан Кәрімнің бұл еңбегі еш жерде жазылмай, айтылмай келеді [10, 154 б].

Алаш ісі кітабында 1927 жылы қазанның 16-сы Қызылорда қаласындағы Елдес Омаровтың қосымша сауалнамасында Кәрім Тоқтабай жайлы айтып кетті, әрі Омаров Елдес: мен коммунистердің қазақ жұмысшыларының арасында десгруппалар бар екенін білемін. Олардың бірін Сәдуақасов Смағұл, Сұлтанбеков бұрынғы Халық комиссары, Мұнбаев, Жандосов және басқалар басқарады. Екінші топты Нұрмақов, Тоғжанов, Тоқтабай Кәрім және басқалар басқарады. Бірінші топ ұлтшыл болып саналады, екіншісі, менің ойымша, біріншісінен еш айырмашылығы жоқ. Белгіленген топтар арасында мансаптық талпыныстар мен жеке қатынастарға байланысты күрес бар. Бұрын "Алаш" партиясында болған, мамандығы бойынша педагог, бұрын Қазақ инпросында және САГУ (Средний Азиатский Государственный Университет-қазіргі Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласы Мырза Ұлықбек атындағы университеті) Шығыс факультетінде оқытушы ретінде жұмыс істеген: Колчак билігі құлатылғаннан кейін мен бірінші рет Қостанай қаласында болдым, содан кейін 40-қа жуық басқа алашордашылармен бірге Атбасар уезіне қашып кеттім, қашқандар: Дулатов, Қадырбаев, Теміров Абдулла, Испулов. Кейінірек Тоқтабай Кәрім мен Бірімжанов Ғазымбек келді [11, 168-169 б].

Осы ретте, Алаш арысы - Міржақып Дулатұлының қызы - Гүлнар Дулатованың «Арыстың бірі - Сейдәзім» атты мақаласында былай делінген: 1929 жылы Сейдәзім ағаны ОГПУ тұтқынға алды. Соты Алматыда өтіп, бес жылға Воронежге жер аударылды. Сейдәзім Воронежде үй ішімен бірге тұрды. Онда олар сонда айдауда жүрген Халел, Жиһанша Досмұхамедовтердің, Кәрім Тоқтабаевтың, Әбдірахман Мұнайтпасовтың, Мұхтар Мурзиннің үй іштерімен араласып тұрды [9, 392б].

Келесі архив құжатында Міржақып Дулатұлының қосымша тергеуінде:

«Алашордалық зиялыларынан Құралин Тулябай комиссия мүшесі Кәрім Тоқтабаймен сөйлесті. Айтуы бойынша, ол Қызылорда қаласында тәркілеуден босату туралы өтініш білдірді, оның шынымен де тәркілеуге қарсы екенін түсіндім, бірақ оның тарапынан тәркілеуге қарсы нақты сөздер болған жоқ. Ол өткен жылдардың бірінде олардың ауылында болған және оның мүліктік жағдайы туралы біледі және оны босатуға уәде берді, бірақ ол босатылмады керісінше Гурьев ОКБ-ға жіберілді.

Тәркіленіп жатқан бай Исхаков Ахмадия онымен бір бөлмеде қалып Тоқтабай Кәрімге (комиссия мүшесі) кеңес алуға келгенін және Тоқтабай көмектесуге уәде бергенін айтты. Сонымен қатар, соңғырет пәтерге Лодарский округтік прокурор Оразалин Идрис Пав тәркіленгендер Тоқтабаевқа келгенін көрдім, әйелімен (Тоқтабайдың пәтері маған жақын болды). Оразалиннің Тоқтабайға кеңес алуға келгенін немесе танысу үшін келгенін білмеймін» деген баяндама жасайды [11, 673б].

1931 жылдан бастап үш жыл КСРО-ның Бүкіл Ресейлік Орталық атқарушы комитетінің жанындағы Қазақстанның өкілі болып Мәскеу қаласында тұрады. Алматы облысындағы «Дегресс» өнеркәсіп орталығының қосалқы шаруашылығының меңгерушісі болды. Осы кезде өзінің болашақ жары Мариямен танысады. Кәрім екеуінің таныстығы жайлы: «Мой брат Карасев работал директором конезавода, а Карим работал директором зернотреста. Его туда устроил мой брат. Карим работал хорошо, люди уважали его, он пользовался немалым авторитетом. И однажды Карасев, мой брат, пригласил его в гости, а я была у них дома. Вот тогда и познакомились. Карим стал ухаживать за мной, а потом спустя совсем малое время, предложил выйти замуж» - дейді Мария Петровна өзінің берген жауабында [12, 6 б]. Екеуі сол жылы үйленіп, 1935 жылы жаздың маусым айында Эста қыз бала дүниеге келеді. Эста неміс есімі екені мәлім, бұл жайлы да жары Мария: «Я хотела чтобы девочку назвали Марией, Машенькой, а Карим настаивал, чтобы се назвать Эстой. Откуда у нее такое немецкое имя, мне не понять...» деп жауап береді. Отбасына камқор болып, жақсы әке бола білген Кәрім жайлы, Мария тағы: «Карим всегда поддерживал меня и был честным работником. Он был уверен что он будет оправдан» дейді [12, 7 б]. Алайда тағдырдың жазуы басқаша еді. 1936 жылы М.И. Калинин Кәрімді Мәскеуге сот ісін қайта қарау үшін шақыртқан болатын. Партияның әділдігіне сенген Кәрім қуанып, жолға шығады. Алайда, 1-3 ақпан күндері өзін жайсыз сезініп, стационарға жатқызылады. Жары Мария таңертең стационарға хабар алуға барса кіргізбей, Кәрімнің ауыр халде екенін жеткізеді. Әйелінің айтуы бойынша алдын Кәрім қатты ауырмаған, ешқандай ауырудың белгілері де болмағанын айтады. «Соңғы рет стационарда Кәрімді көргенімде ес-түссіз жатты, ал қолдарында қайдан екені белгісіз көк дақтар көп болды» деп жарымен соңғы кездесуін баяндаған болатын. Содан келесі күні, Кәрім Досжанұлы сол стационарда дүниеден озды. Стационардағы дәрігерлердің айтуы бойынша, ол жұкпалы қан ауруынан дүниеден өткен екен [13, 421 б].

К.Тоқтабай 1958 жылы 28 желтоқсанда ақталып, ал 1992 жылы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Бас прокуратурасы К.Тоқтабайды толық ақтау

туралы қорытынды шығарды. К.Тоқтабайдың есімі Тәуелсіз Қазақстанға қайта оралғанымен, атқарылған іс азамат үмітін ақтамайды.

Қорыта айтқанда мемлекет және қоғам қайраткері ретінде Кәрім Тоқтабай жас Қазақ республикасының қалыптасуы мен нығауына, оның ұлттық кадрларының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты, Қазақстанда білім беру, мәдениет пен ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі белсенді іс-шараларды атқарды. Ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына өз үлесін қоса білген ғалым еді.

Кәрім Тоқтабай толық ақталғанымен, есімі әлі ескерусіз келеді. Әлі күнге дейін өмірі мен қызметі шығармашылық мұрасы толық зерттелген жоқ, іргелі еңбек түгілі шағын ғылыми мақала жоқ. К.Тоқтабайдың жер жайлы жазған кітаптары, баспасөз бетіне жарияланған мақалаларын іздеп тауып оқырманмен таныстыру керек. Оның есімін мектеп оқулықтарына, қала көшелеріне беру керек. Кәрім Тоқтабайдың ел үшін жасаған еңбектері сараланып, бұл күні болмаса бір күні өз бағасын алар деп сенеміз. Сеніміміз мол. Ел үшін еміренген ерлердің адал еңбектері халқымен түбі қауышады. Сондай ерлердің бірі К.Тоқтабайдың есімін қазақ ұмытпауы қажет!

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Сейдәзім Қадырбай (1885-1938). Ақы заңы. Шығармалар жинағы. // Құраст.: Е. Тоқтарбай. - Астана: «Qyғ balasy» ҚҚ, 2023. - 406+36 бет.
2. «Қиын тағдырлы комиссар» // «Торғай тынысы», 2 бет, №109 саны / Ескендір Рамазан, «Дала дидары» газетінен // - 1991.- 6 желтоқсан.
3. «Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық құрал. Тарихи тұлғалар». -2 том. Баспа редакциялық орталығы, Алматы: 1938. - 493 б.
4. Дулатұлы Міржақып (1885-1935). Қазақтың тарихы. Таңдамалы шығармалар жинағы/ Құраст.: Д. Ихсан, Е. Тоқтарбай. - Алматы: АТА Creative Hub баспасы, 2025. - 248 бет.
5. Байтасұлы А. Көркем әдебиет туралы. Төл еңбегі мен көсемсөздер жинағы./ Құраст. Ұ. Сәйдірахманұлы/. - Нұр-Сұлтан: Qyғ balasy ҚҚ, 2021. - 240 бет.
6. «Ғазымбек Бірімжан. Шығармалар жинағы». Нұр-Сұлтан: «Qyғ balasy» баспасы, 2021. - 250 б.
7. 1920-1930 жылдардағы Қостанай облысындағы қуғын-сүргін: жаңа фактілер мен деректер. Репрессия в Костанайской области в 1920-1930-е годы новые факты и источники: Коллективная монография / отв.ред. Р. Байдалы. - Костанай: ИП Re-set, 2023. - 226 с.
8. «Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашовцами» А. 2016.- Т2.- С.27-31
9. Дулатова Г.М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. - Алматы: Мектеп, 2012. - 392 б.
10. Тоқтабаев Кәрім / Әнес Ғ., Смағұлова С. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. - Алматы: Арыс, 2009. - 305-306 б.
11. «Алаш ісі 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» / «Алашское дело 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ». В двух томах - Алматы: ТОО «Издательства ЛЕМ», 2022. - 984 с.
12. Ф.Ахметов «Три судьбы». Алматы: 2018. - 96 б.
13. Карина Е.Т. «Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века) -1 том. Астана: 2022. - 622 б.

### **МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҒАЛЫМЫ - ӘЛЖАН БАЙҒҰРИН**

**Усенов С.А.**

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Нурпеисова Э. Т.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

ussenovsanjar@gmail.com

Қостанай қ.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақтың ғылыми және мәдени кеңістігінде ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған қозғалыс басталды. Қоғамдық ойдың жандануында сол кездегі қазақ интеллигенциясының рөлі ерекше болды. XX ғасырдың басында пайда болған Алаш қозғалысы өзімен қатар заңгерлер, дәрігерлер, инженерлер, ақын-жазушылар, мұғалімдер сияқты жоғары сауатты мамандарды біріктірді. Солардың бірі - Әлжан Махмұтұлы Байғұрин, ғалым, педагог, дәрігер және